



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

2. Сыроваткин С.Н. Теория перевода в аспекте функциональной лингвистики: уч. пособие. – Калинин, 1978. – 82 с.
3. Ширяев А.Ф. Пособие по синхронному переводу. Французский язык. – М., 1982, 193 с.
4. Ревзин И.И., Розенцвейг В.Ю. К обоснованию лингвистической теории перевода // Вопросы языкознания. – № 1. –1962. – С. 51-59.
5. Комиссаров В.Н. Лингвистика перевода. – М.: Международные отношения, 1980.
6. Мунэн Ж. Теоретические проблемы перевода. Перевод как языковой контакт // Вопросы теории перевода в зарубежной лингвистике. М.: Международные отношения, 1978. –С. 36-41.
7. Комиссаров В. Теория перевода.– М.: Высшая школа, 1990. – 250 с.
8. Миньяр-Белоручев, Р. К. Теория и методы перевода. – М.: Московский лицей, 1996. –190 с.
9. Chomsky N. Conditions on transformations // Festschrift for Morris Halle. N. Y.: Holt, Rinehart & Winston, 1975. – P. 232-286.
10. Harris Z. S. Co-occurrence and transformation in linguistic structure // Lg. 1957, v. 33, № 3 (pt.1): 283-340. Reprinted // The structure of language: Readings in the philosophy of language. Englewood Cliffs (N. J.): Prentice Hall, 1964. – P. 155-210.
11. Harris Z. S. Discourse analysis // Lg., 1952. Vol. 28. № 1. P. 1-30. Repr. // The structure of language: Readings in the philosophy of language. Englewood Cliffs (N. J.): Prentice Hall, 1964. P. 355-383.
12. Демьянков В.З. Доминирующие лингвистические теории в конце XX века // Язык и наука конца 20 века. – М.: Институт языкознания РАН, 1995. –С.239-320.
13. Әбішева К.М., Рахимжанов Қ.Х. Аударма теориясы мен практикасының негіздері: оқулық. – Астана: Тұран-Астана, 2011. – 243 б.
14. Gadamer H. Kleine schriften, Tübingen, 1967. – P. 46-58.
15. Шлейермахер Ф. Герменевтика. – Перевод с немецкого А.Л.Вольского. Научный редактор Н.О. Гучинская. – СПб.: Европейский Дом, 2004. – 242 с.
16. Dilthey W. Gesammelte schriften. Bd. VII, Stuttgart-Göttingen, 1968. – P.3-115.
17. Брандес М.П. Стиль и перевод (на материале немецкого языка). – М: Высшая школа, 1988. – 126 с.
18. Есембеков Т.О. Көркем мәтінді талдау негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 132 б.

УДК 81'255.2

ӘР ТИПТЕС ТІЛДЕРДЕГІ ҚАРАТПА СӨЗДЕРДІҢ АУДАРМАДА БЕРІЛУІ

Беркімбай Айгерім Сәкенқызы

d_amirkhan@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Б.Н. Сүлейменова

Тіл және мәдениет өзара тығыз байланысады. Олардың ажырамас бірлігі және байланысы көркем шығармаларда және аударма барысында көрініс табады. Тіл және мәдениетті ұштастырып, тығыз байланысын көрсететін ерекше тілдік бірліктердің топтары бар. Бұл топқа қаратпа сөздер де жатады. Қаратпа сөздер аударма барысында қиындық туғызатын, ұлттық нақышты дөп басып көрсететін ерекше сөздер тобы.

Аталған жұмыс қазіргі замандағы лингвистика және аударматану саласындағы өзекті мәселелердің бірі – ағылшын және қазақ тіліндегі қаратпа сөздердің аудармада берілуі

жайлы ақпаратты қамтиды. Зерттеу жұмысы әлемгі әйгілі американдық жазушы – Джон Стейнбектің 1961 жылы жарық көрген «Алаң көңіл ақпаны» атты романына негізделеді. [1-2]

Ұлтаралық қарым-қатынас, түрлі келіссөздер тілдік қауымдастықтардың этномәдениеттік ерекшеліктерін зерттеуге бастама болды. Осыған сәйкес, бұл ұлт өкілдерінің арасындағы тығыз әрі достық қатынас құруда өз септігін тигізеді. Қарым-қатынас барысындағы қаратпа сөздердің қолданылуы ұлттық әрі мәдени айқындауыштардың бірі болып табылады. Қаратпа сөздер – сөйлеу әдебінің толассыз бөлігі болып, белгілі бір ұлттың, халықтың мәдениеті, тарихы және өмір сүру дағдысы туралы хабардар етеді.

Қазіргі таңда қаратпа сөздердің аудармада берілуі енді ғана зерттеліп келе жатқан мәселе. Себебі, ғалымдар арасындағы қаратпа сөздер туралы пайымдаулары әрқилы. Кейбір ғалымдар «тілдің құрамында қаратпа сөздердің еш маңызы жоқ» дегенді алға тартса, М.Томанов бұл пікірге мүлдем қарсы келеді [3, б.551]. Оның айтуы бойынша «тілде қажетсіз бірліктер болмайды. Қажетсіз бірліктер болған жағдайда, олар тілден біржола шығып, жоқ болып кетер еді». Шынымен де, тілдің құрамында әр бірліктің өзіндік қызметі, өзіндік ерекшелігі бар. Қаратпа сөздер, ең алдымен, шақырту, екінші тараптың назарын аударту қызметін атқарса, екінші жағынан, сөйлесуші тараптар туралы: өмірі, дәрежесі, дүниетанымы туралы хабар береді.

Осыған байланысты қаратпа сөздер бірнеше түрлерін атап өтуге болады [4]:

1) қарапайым сыпайылық негізіндегі қаратпа сөздер: ханым, мырза, бикеш; sir, mister, mistress және т.б. Бұл топқа жататын қаратпа сөздер аударма барысында көбінесе транскрипциялау тәсілі арқылы аударылады. Мысалы, sir – сэр, miss – мисс, т.с.с. Сонымен қатар, бірінші топқа жататын қаратпа сөздер қатарын кейіпкерлердің есімдері де жатады. Көркем шығарманың кейіпкерлерінің есімдерін аударма барысында әрқашан транслитерация әдісі арқылы аударылады. Мысалы ретінде шығарманың ең алғашқы бетіндегі Итен мырза мен жұбайы, Мэри Хоули, арасындағы диалогты атап өтуге болады.

– Әжуаланып жатырсың ба, Итен? – деді ол – Тағы да ескі әңіңе басып, сайқымазақ дарыныңды танытып жатырсың ба? [1, б.17]

– *You're silly, she said, Ethan, you've got your comical genius.* [2, б.3]

Жоғарыда көрсетілген мысалда аудармашы ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару барысында қазақ оқырмандары үшін түсінікті болуы үшін және шығарманы аударма тіліне неғұрлым жақын етіп, жатсындырмау мақсатында оқырмандарға жақын стильде аударуға талпынған. Түпнұсқа тіліндегі сөйлем қысқа әрі нұсқа болғанымен, қазақ тіліндегі аудармасы түпнұсқа мазмұнын толық жеткізіп отыр. Бұл тұста бас кейіпкердің есімі «Итен» транслитерация әдісі арқылы аударылып отыр. Транслитерация әдісі шетелдік азаматтардың, яғни басқа тілден кісінің есімін, тегі және әкесінің атын аударуда қолданылады. Транслитерация әдісі белгілі бір әліпбидегі (латын, кирилл және т.б.) әріптерді басқа әліпбиге ауыстыруда қолданылады. Бас кейіпкер Итеннен басқа шығармада келесі есімдер кездеседі: Хоули мырза – mister Hawley, Марулло – Marullo, Джой Морфи – Joey Morphy, Мэри - Mary, Бейкер мырза – mister Baker және т.б. [1-2]

2) қоғамдық және әлеуметтік дәрежесін көрсететін қаратпа сөздер: профессор, оқытушы, ұстаз, дәрігер; professor, tutor, general, doctor және т.б. Мысалы,

– *Профессор мырза, сонда сіздің әдісіңіздің мәні неде?* [1, б.17]

– *So, what's your method, professor, sir?* [1, б.6]

Бұл мысалда берілген профессор қаратпа сөзі транскрипциялау әдісі арқылы тілдің артикуляциялық ережелеріне сәйкес аударма тілдің фонетикалық жазу құралдарының көмегімен басқа тілге сол күйінде енгізіліп отыр. Аударма барысында бұл әдіс аударма тілінің ерекшелігін, ұлттық колоритті сақтау үшін қолданылады. Транскрипциялау әдісі қаратпа сөздерден басқа антропонимдер және топонимдерді аударуда қолданылады.

Сонымен қатар, жоғарыда көрсетілген мысалда қаратпа сөздердің жіктелуі бойынша бірінше топқа жататын «мырза» деген қаратпа сөз де қолданылған. Бұл тұста ағылшын тіліндегі “sir” қаратпа сөзі қазақ тілінде «мырза» баламасымен аударылған. Эквивалентті аударма әдісі қолданылып отыр.

3) туыстық атаулар байланысты қаратпа сөздер: анашым, әкешім, ағатай, тәте; *tummy, daddy, brother, sister* және т.б. Осы топқа жататын әке мағынасындағы американдықтар арасында ауызекі тілінде қолданатын *pop* сөзін Джон Стейнбек өз романында қолданған. Мысалы,

– *Көке, дүкеніңде «Пикса» бар ма?* [1, б.49]

– *Pop, you got Peeks in the store?* [2, б.20]

Аталған мысалдағы «*pop*» қаратпа сөзі қазақ тіліндегі «көке» баламасымен, эквивалентті аударма әдісі арқылы аударылған. Дегенмен, бұл тұста қазақ халқының аймақ бойынша орналасуындағы қазақ тілінің қолданысындағы ерекшелікті атап өткен жөн. Себебі, еліміздің солтүстік жағында «көке» сөзінің лексикалық мағынасы «аға» дегенмен теңбе-тең келсе, оңтүстік жақтарда бұл сөз «әке» мағынасында қолданады. Оған қоса, кейбір жергілікті ерекшеліктерге байланысты «көке» сөзі әйел адамдарға да айтылады. «Көке» сөзінің көптеген мағыналарының болуы аталмыш сөздің әр түрлі мазмұндық сипатын көрсетеді.

Сонымен бірге, «әке» қаратпа сөзінің қолданылуы да кездеседі. Бұл қаратпа сөз шығарманың басты кейіпкері Итеннің жұбайы Мэри сөзінің барысында көрініс табады. Дәлірек,

– *Әкесі-ау, бері қарашы! – деді Мэри – көңілдерін жасытып қайтесің!* [1, б.50]

– *Now, Father, - said Mary, don't go spoiling it for them* [1, б.21].

Бұл мысалда көріп отырғанымыздай, түпнұсқа тіліндегі «*Father*» қаратпа сөзін қазақ тіліне аударған сәтте сөздің баламасын және демеулік шылауды, оның ішінде күшейткіш демеулік «-ау» қолданған. Демеулік шылау сөзге немесе сөйлемге күшейту, нақтылау, тежеу, шектеу, болжалдық, күмән мәнін үстейді. Жоғарыда аталған мысалда демеулік шылауды қолдану арқылы аудармашы отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынасты көрсете білді деп ойлаймын. Түпнұсқадағы ой аудармада айқын көрініс тауып, эквивалентті аударма арқылы аударылған.

4) эмоционалды-экспрессивті реңкке ие қаратпа сөздер қатары: күнім, айым, жаным, алтыным; *darling, sweetheart, dear, angel* және т.б. теңеулер арқылы көрініс табады. Джон Стейнбектің «Алаң көңіл ақпаны» атты романында қаратпа сөздердің төртінші тобына жататын көптеген жан-жануар, өсімдіктерге теңестірген шақыртулар кездеседі. Дегенмен, зоонимдердің қолданысы романға ерекше әсер беріп, сүйіспеншілікті көрсетеді. Мысалы,

– *Сүйікті менің гүлім-ау, Марулло – католик және де ол италиялық қой* [1, б. 6]

– *“Darling chicken-flower – Marullo is a Catholic and a wop”*. [2, б. 2].

Бұл сөйлемді аудару барысында аудармашы басты назарды ақпараттың мазмұнын сақтауға бөлген. Себебі, ағылшын тілінде берілген қаратпа сөздің бір сөзі, яғни «*chicken*» сөзі түсіп қалғанымен, аудармашы мазмұнын толық сақтап әрі автордың ойын, мақсатын жеткізе алған деп ойлаймын. Аударма барысында тағы да эквивалентті аударма әдісі қолданылған. Жоғарыда аталған қаратпа сөзден басқа шығармада көптеген зоонимдер кездеседі. Мысалы, шыбыным – *ladybug*, түймедақ гүлім менің – *bugflower*, төбетім – *dog* және т.б. [1-2]

Осы топқа жататын зоонимдер көп қолданылады, одан басқа да эмоционалды-экспрессивті реңкке ие қаратпа сөздер де кездеседі. Мысалы,

– *Мэри, қымбаттым, өтінем, абайлашы!* [1, б. 52]

– *“Darling”, he said, “please, let me warn you, please!”* [2, б. 22]

Бұл тұстағы түпнұсқа тіліндегі «*darling*» қаратпа сөзі аударма тіліндегі баламасымен аударылған. Бірақ, аударма барысында аудармашы бас кейіпкердің есімін қосқан. Аударма толыққанды әрі түсінікті.

Жоғарыда көрсетілген мысалдардан басқа Джон Стейнбектің кітабында көпшілік қауымға танымал, көп қолданысқа ие қаратпа сөздер де кездеседі. Мысалы,

– *Арулар мен мырзалар, – деді Джой – Сіздер мен біздер бүгін кірісеміз. Жоқ, тұра тұр. Банкке шабуыл жасаған соң неге қолға түседі? Бірінші бап: рецидивистер, бұрын сотты болғандар. Екінші бап: жемтік үшін таласқандар және іштерінен алдебіреу жеткізгендер. Үшінші бап: әйелдер, әйелсіз күн жоқ, осыдан келіп, енді төртінші бап*

шығады: ақшаны басы-көзі жоқ шаша бастайды. Міне, сондайлардың ізін бақсаңыз, қалғанын қалпақпен соғып аласыз. [1, б. 16]

– *Ladies and gentleman, said Joey – I’m here this morning – No, look! How do they catch bank robbers? Number one – record, got caught before. Number two – get fighting over the profits and someone blows it. Number three – dames. Can’t let dames alone, and that ties into number four – they got to spend that money. Watch new spenders and you got them.* [2, б. 6]

Жоғарыда аталған мысалдағы «*ladies and gentleman*» қаратпа сөзі көбінесе «*ханымдар мен мырзалар*» деп аударылады. Бірақ, аудармашы ерекшеліп, «ханымдар» дегеннің орнына «арулар» деп синонимімен аударған. Аударманы ерекшелеу мақсатында қолданылуы мүмкін. Дегенмен де, «ханымдар мен мырзалар» тіркесі көпшілік жұрттың назарын әлдеқашан жаурап алған. Аударма барысында эквивалентті аударма әдісі қолданылған.

Қорытындылай келе, тіл мен мәдениетті ұштастыратын қаратпа сөздердің тараптар арасында түсіністік орнатудағы орны ерекше екендігін атап өткен жөн. Сонымен бірге, аударматану саласында да қаратпа сөздердің ролі маңызды. Қаратпа сөз өзінің құрамында ұлттық терең дүниетаным, ұлттық көзқарас, ерекшеліктер, халықтың өмір сүру дағыдалары, салт-дәстүрі, сана-сезімі туралы ақпаратты камтиды. Себебі, кез келген қаратпа сөздің шығу тегі бар. Шығу тегі сол сөздің қолданыс аясына немесе басқа тарихи оқиғалар, ұлттық ерекшеліктерге байланысты болуы мүмкін. Осы себептен қаратпа сөздің ұлт тарихындағы орны ерекше. Жоғарыда аталып өткендей, қаратпа сөздерді аударуда транскрипциялау, транслитерациялау, эквивалентті аударма әдістері көп қолданысқа ие. Дегенмен де, қаратпа сөздерді аудару үшін тек қана тілді меңгеру ғана емес, сонымен қатар, қаратпа сөздерді зерттеу мен сараптау барысындағы фондық білімнің үлкен маңызы айқындалды. Бұл дегеніміз, барлық ұлттық ерекшеліктерді есепке ала отырып, саралап аудару. Яғни, аудармашы – екі ұлт өкілдері арасындағы көпір іспеттес.

Қолданылған әдебиет

1. Джон Стейнбек. «Алаң көңіл ақпаны» романы. – «Аударма» баспасы, 2011 ж.
2. John Steinbeck, “The winter of our discontent” [Электронды ресурсы] Қор көзі: <http://fb2.booksgid.com/klassicheskaya-proza/168106-john-steinbeck-the-winter-of-our-discontent.html>
3. Балакаев М., Жанпейсов Е., Томанов М., Манасбаев Б. Стилистика казахского языка. – А., 2004
4. Влахов С., Флорин С. Непереводимое в переводе. Часть II. – М., 1986

УДК 347.78.034

АУДАРМА МӘТІНДЕРІНДЕГІ ДӘЛМЕ-ДӘЛДІК ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАРА-БАРЛЫҚ АУДАРМАҒА ҚАТЫНАСЫ

Бескемер Акерке

beskemer_a@enu.kz

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Филология факультеті, Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының оқытушысы, магистр, Астана, Қазақстан.

Дәлме-дәл аударма – коммуникация қатысушылары күтіп отырған нәтижелерді және өзі жүзеге асырылатын шараларға сәйкес орындалатын аударма түрі. Н.К. Гарбовскийдің пікірінше, «дәлме дәлдік категориясы алдымен түпнұсқа мәтінінің аударма мәтініне сәйкестік дәрежесімен емес, коммуникацияға қатысушылардың пікіріне сәйкес келуімен анықталады. Соңғыларының мысалы ретінде коммуникацияға қатысушы қос тұлға, яғни әуелгі мәтіннің авторы да, аудармадағы хабарламаны алушы да есептеледі. Мұндай дәрежедегі дәлме-дәлдікті әдетте ауызша аудармадан байқауға болады, бұл кезде әуелгі мәтін алдымен аударма үшін дайындалады, аударманың шарттамалары мен оның орын алу